

УДК 58

AMARYLLIDACEAE ТҰҚЫМДАСЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Төрехан Жаңыл Аманбайқызы

Zhanil_9911@mail.ru

2 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - А.Ж.Нурсафина, PhD, доцент м.а.

Аңдатпа. Бұл мақалада *Amaryllidaceae* тұқымдасының сәндік өкілдерінің морфологиялық ерекшелігі сипатталады. Сәндік мақсатта өсірілетін өсімдіктер таңдап алынып, олардың құрылысына талдаулар жүргізілді. Зерттеу барысында *Amaryllidaceae* тұқымдасының сәндік өкілі *Zephyranthes* туысына жататын *Zephyranthes candida*, *Zephyranthes carinata*, *Zephyranthes tubispata* түрлерінен 45 өсімдік үлгілері зерттеуге алынды. Зерттеу жұмыстары мектеп ішіндегі гүл өсіру зертханасында құнарлы топырақ түрлерін таңдап ала отырып, өсімдіктердің аталған түрлері отырғызылды. Зерттеу жұмыстарында өсімдіктің сәндік мақсатта таралуы мен қолдану аясы, олардың көбею жолдары, құрылымдық қасиеттері мен морфологиялық ерекшеліктері көрсетілді.

Кіріспе. *Amaryllidaceae* - дара жарнақты, көпжылдық, пиязшықты, тамырсабақты шөптесін өсімдіктер. Олардың биіктігі бірнеше сантиметрден 2 м-ге дейін жетеді. Амариллис тұқымдасының 85 туысы және 1100-ге жуық түрі бар [1]. *Amaryllidaceae* тұқымдасы Антарктикадан басқа барлық континенттерде таралған, бірақ олардың көпшілігі тропиктік пен субтропиктік аймақтарда таулардың етегінде және 4000 м биіктікте өседі, ал кейбір түрлері қоңыржай климатты жерлерде кездеседі. Бұл тұқымдастың тарихы отаны-Оңтүстік Африка болып саналады. Кейбір өкілдері қоңыржай климатты ашық жерлерде табиғи жағдайда өседі [2]. Амариллис тұқымдасы Оңтүстік Африкаға, Оңтүстік және Орталық Америкаға және Жерорта теңізі елдерінде ең көп түрлері кең таралған. Біздің елімізде 2 туысы және 2 түрі кездеседі. Бұл тұқымдасқа жататын өсімдіктердің ерекшелігі сәндік мақсатта табиғи жағдайда және жылыжайларда өсіріледі. Сонымен бірге дәрілік түрлері де кездеседі [3].

Жалпы амариллис тұқымдасының сәндік өсімдіктеріне: ақ гүл,

бәйшешек(подснежник),гемантус, гиппеаструм, зефирантес (зефир гүлі), кринум, нәркес, циртантус, штернбергия және т.б жатады [4]. Осылардың ішінен біз зерттеу жұмысына *Zephyranthes* өкілінің түрлері алдық. Зефирантес (зефир гүлі) Орталық және Оңтүстік Американың тропикалық және субтропикалық аймақтарында таралған. Табиғатта зефирантестің 40-қа жуық түрі кездеседі. Олардың 10-12 түрі ғана сәндік мақсатта қолдан өсіріледі[5]. Осы мақсатта біз осы зерттеуге алынған түрлерге морфологиялық талдау жүргізіп, биологиялық ерекшеліктерін зерттедік.

Зерттеу әдістері мен материалдары. 2020-2022жылдар аралығында амараллис тұқымдасының сәндік түрлерін өсіру негізінде зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмысының негізгі әдісі морфологиялық талдау болды. Сонымен бірге өсімдік түрлеріне сипаттама конспектісі жасалынып, таралу аймақтары, қолдану аясы, көбею жолдары, құрылымдық қасиеті, морфологиялық ерекшеліктері зерттелінді.

Зерттеу жұмыстары №77 мектеп-гимназиясында орналасқан гүл өсіру зертханасында жүргізілді. Жүргізілген зерттеулер барысында өсімдікке қажетті топырақ құрамы, жарық, температура, ылғалдылық мөлшері анықталды. Өсімдіктерді талдау жұмыстарының нәтижесінде амараллис тұқымдасының сәндік өкілдерін морфологиялық құрылымы анықталынды.

Зерттеу нәтижелері. *Amaryllidaceae* тұқымдасының сәндік өсімдіктері гүлдерінің сан алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Амариллис өкілдері шөпті өсімдіктер болып табылатын үлкен тұқымдас болып табылады. Амариллис тұқымдасының сәндік гүлдейтін көпжылдық өкілдері көптеген көпжылдық өсімдіктерден ерекше гүлдері мен жапырақтары бойынша ерекшеленеді. Бұл тұқымдастың *Zephyranthes* туысына жататын *Zephyranthes candida*, *Zephyranthes carinata*, *Zephyranthes tubispata* түрлеріне жататын жиыны 45 өсімдік түрі анықталды және морфологиялық зерттеу көрсеткіштерінің нәтижесі бойынша салыстырмалы талдаулар жасалынды және амараллис тұқымдасының қолдан өсіру аясы қарастырылды (кесте 1).

Кесте 1 Морфологиялық белгілер негізінде зефирантестің үш түрін салыстырмалы талдау көрсеткіші

Сипаттамасы	<i>Zephyranthes candida</i>	<i>Zephyranthes carinata</i>	<i>Zephyranthes tubispata</i>
Пиязшық	Қабықша, жұмыртқа тәрізді, диаметрі шамамен 2,5 см	Қабықша, диаметрі 2 см-ге дейін	Қабық, диаметрі 1,0 см-ге дейін
Жапырақ	Қарапайым, тегіс, сызықты, 35 см-ге дейін, қуыс	Қарапайым, жалпақ, сызықты, 28 см-ге дейін, тегіс, гүлдермен пайда болады	Қарапайым, жалпақ, сызықты, 30 см, тегіс, гүлдермен пайда болады
Күлте	Аналық безді жабады	Аналық безді жаппайды	Аналық безді жаппайды
Гүлдер	Ақ түсті	Қызыл немесе қызғылт түсті	Сары түсті
Гүлсерік	6 сегменттері, жұмыртқа тәрізді, ұзындығы шамамен 3,7 см	6 сегменттері, сирек 8-ге дейін, ұзындығы 2-4 см дейін	6 сегменттері, шұңқыр тәрізді, ұзындығы шамамен 3,7 см
Аталық	6, бос, гүлсеріктен екі есе ұзын	6, кейде 7-8, гүлсеріктің мойнына өседі	6, гүлсеріктің мойнына бекітілген
Аталық жіпшесі	Сарғыш-ақ, ұзындығы шамамен 1,0 см	ақ, ұзындығы 2 см-ге дейін	сарғыш-ақ, ұзындығы шамамен 1,4 см

Аталық тозаңқабы	Ұзын, ұшты, ұзындығы 0,9 см, сары түсті	Сызықты, тар, артқы жағына бекітілген, ұзындығы 0,8 см, сары түсті	Сызықты, артқы жағына бекітілген, ұзындығы 0,7 см, қызғылт сары түсті
Аналық мойны	Жіңішке, ұзындығы шамамен 1,7 см	Жіп тәрізді, ұзындығы шамамен 3 см	Жіп тәрізді, ұзындығы шамамен 2 см
Аналық аузы	3 маңдай тәрізді	Терең 3-4 маңдай тәрізді	3 маңдай тәрізді
Жемісі	0,96 см, сарғыш-жасыл, жартылай шеңбер, 16-25 тұқым	0,25 см, қою жасыл, 6-10 тұқым	0. 8см, сарғыш-жасыл, 16-20 тұқым
Тұқымы	Үшбұрышты, қара түсті	Үшбұрышты, қара түсті	ұзын, үшбұрышты, қара түсті

Қорытынды: Зерттелген *Amaryllidaceae* тұқымдасының *Zephyranthes* туысының *Zephyranthes candida*, *Zephyranthes carinata*, *Zephyranthes tubispata* (сурет 1) түрлеріне келесідей сипаттама жасалынды.

Zephyranthes candida - *Amaryllidaceae* тұқымдасының *Zephyranthes* туысына жататын сәндік өсімдік түрі

Ағылшын атауы: Fairy Lily.

Гүлдену және жеміс беру уақыты: тамыздан қарашаға дейін.

Таралуы: Аргентина мен Уругвайдан шыққан. Оңтүстік Қытайда табиғи жағдайда Америка көптеген елдерде, соның ішінде Бангладеште өсіріледі.

Қолдану аясы: бақтарда, құмыраларда немесе ландшафты өсімдік ретінде сәндік өсімдік ретінде қолданылады.

Қасиеті: пиязшық құрамында қатерлі ісікті емдеуде қолдануға болатын цитостатикалық компоненттер бар

Көбейту жолдары: пиязшығы мен тұқымдар арқылы.



Сурет 1 *Zephyranthes candida* *Zephyranthes carinata* *Zephyranthes tubispata* өсімдіктері

Zephyranthes carinata - *Amaryllidaceae* тұқымдасының *Zephyranthes* туысына жататын сәндік өсімдік түрі.

Ағылшын атаулары: pink rain Lily, Magic Lily, Marshmallow Lily, pink storm Lily.

Гүлдену және жеміс беру уақыты: маусымнан қазанға дейін. Жауын-шашыннан кейін көп ұзамай гүлдейді.

Таралуы: Орталық Америка мен Мексикада таралған. Американың жылы бөліктерінде және басқа жылы климаты бар көптеген елдерде кеңінен өсіріледі.

Қолдану аясы: бұл түр сәндік өсімдік ретінде, бақшаларда, гүлзарларда өсіріледі. Қытайда пиязшығын безгек ауруын жеңілдету үшін қолданылады. Сонымен қатар пиязшығында қатерлі ісік ауруын емдеуде қолдануға болатын алкалоидтар бар.

Көбейту жолдары: пиязшығы мен тұқымдар арқылы.

Zephyranthes tubispata - *Amaryllidaceae* тұқымдасының *Zephyranthes* туысына жататын

сәндік өсімдік түрі.

Ағылшын атаулары: Marshmallow Lily, Magic Lily, Rain Lily.

Гүлдену және жеміс беру уақыты: маусымнан қыркүйекке дейін.

Таралуы: Перу, тропикалық Америка және Батыс Индияда табиғи жағдайда өседі.

Көбейту жолдары: пиязшығы мен тұқымдар арқылы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Демина О.Д, Арыстанғалиев С.А. Луговая растительность Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1986.
2. Статъя «Амариллис — прекрасное домашнее растение из Южной Америки» Автор статья: Валентина.Г. Москва, 2015г.
3. Жоғары сатыдағы өсімдіктер биологиясы , систематикасы, экологиясы. 2 том. Ж.Ж. Жатқанбаев. Алматы 2009. 269- 270 бет.
4. Школьник Ю., “Растения полная энциклопедия” Москва-2007
5. Статъя «Зефирантес» Автор статья: Елена.Н. Петербург, 2013г.